

# ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ СА XXI ҒАСЫР ӨРКЕНИЕТІНІН

Әл-Фараби аты  
колледжі оқыту  
ғылыми-әдістемелік мақ

## КАЧЕСТВО НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ ФАКТОР ЦИВИЛИЗАЦИИ XXI

научно-методич  
преподавательского состава  
КазНУ им

## МАЗМҰНЫ

Каримова Б.С. Семантический характер специфических терминов .....	3
Тасилова Н.А. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы басылымдарының ұлттық тәрбиені қалыптастырып дамытудағы рөлі .....	13
Каупенбаева Р.Б. Факторы, влияющие на морфологическое строение печени пищеварительного тракта сазана из накопителя Сорбулак.....	25
Қасымбекова Д.Ә. Арнаулы орта оқу орындарында инновациялық бағдарламалар мен заманауи технологиялардың химияны оқытудағы маңызы .....	31
Пак А.Т. Виды лекций и их применение в практике преподавания курса «Банковское дело» .....	36
Зуева Н.Ю. Системность как целенаправленный принцип организации языкового материала в учебном пособии по научному стилю.....	41
Сейдахметова Р.Г. Оптимальная организация педагогического процесса.....	46
Сейдахметова Р.Г. Учебники и УМК как модели содержания образования и технологии .....	54
Мадиярова Ч.А. Жас маманның оқытушылық іс-әрекетін Ұйымдастыру әдістері.....	62
Керімбай Б.С. Геоинформатика жетістіктері және табиғат пайдалану экономикасы .....	69
Байтилеев С.А. Связь электронных денег и платежных систем.....	72
Габдушева С. Новый подход к обучению .....	78
Шайхынова М.Ж. Стратегии и тактики научного стиля речи как концептуальная основа лингвистического анализа.....	82
Бегалиева А.К. НЭП в центральноазиатском регионе (на примере Казахстана): историографические аспекты проблемы .....	90
Әбенев Б.Қ. Кестелік деректерді өңдеу технологиясын оқытудың кейбір мәселелері.....	95
Хожамуратова Г.М. Мировой финансовый кризис и оценка его влияния на финансовую систему Казахстана.....	101
Қарақасов Н.Р. Б. Момышұлы - әскери істер маманы.....	109
Кажбиева А. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тарихи – мәдени маңызы.....	116

Ахметова М.А. Колледждегі педагогикалық қарым-қатынас технологиясы .....	124
Тұрсынбаева С.А. Теоретические основы обучения математике с использованием информационных технологий .....	131
Ниязбаев М.И. Методика преподавания занятий по огневой подготовке ...	150
Кенебаева М.А. Ағылшын тілін оқытудағы дәстүрлі емес сабақтың мәні.....	164
Харасова М.М. Метод проектов в самостоятельной работе учащихся колледжа .....	175
Хамитова М.Н. 2011-2020 жылдарға арналған білім беру бағдарламасы және оқу үдерісін жетілдірудің жолдары.....	184
Ыбырайымова С.С. Статистика пәнінің оқытуда студенттердің қызығушылығын оятудың жолдары.....	188
Туртаева С.С. О применении в учебном процессе систем «сеанс со» и «дело» .....	193
Тойганбекова М.Ш. Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары .....	199
Mazhikhanova G.ZH. Role – play teaching .....	203
Кулкай М.К. Консалтинговая составляющая развития .....	208
Базарбекқызы А. Идеи толерантности в преподавании истории Казахстана .....	215
Омарова Ә.Қ. Әдістемелік жұмыстың мазмұны .....	220
Хан Р.А. Проектная деятельность в колледже .....	225
Заурбекова Р.П., Шварцман И. Совершенствование учебно-тренировочного процесса в отделении бадминтона.....	232
Ерещенко Р.В. Основные методики самостоятельных занятий.....	244
Чорман Д.Д. Тригонометриялық теңдеулер.....	250
Чингисбаева А.Е. Сущность, структура и функции морали .....	254
Тлеубаева И.С., Ахтанова С.Н. Оценка качества знания методом мультифрактального анализа .....	257

Сталинского режима, когда интересы создания мощной державы ставились выше жизненных интересов простых людей [15].

Таким образом, тема имеет достаточно разработанную историографию, которая позволяет раскрыть многие аспекты проблемы: как выработывались новая экономическая политика; чем она была вызвана и, в связи с этим, каковы были ее цели и задачи; что она представляла собой в концептуальном плане; как происходил нэп в сельском хозяйстве Казахстана, как он отразился на состоянии аграрного сектора нашей республики; и др. вопросы.

#### Список использованной литературы:

1. Граммаков Л. Нэп в промышленности - Оренбург, 1922; Скалова Г. Нэп в Туркестане // Известия. 1924-27 марта, Концессии в Кирреспублике, Западной Сибири и Туркестане // Экономической ежемесячник Киргизии-1922-№2; и др.
2. Статистико-экономической обзор Киргизской ССР - Оренбург, 1923; Обзор народного хозяйства Кир АССР - Оренбург, 1924; 5 лет Казахстана - Кызыл-Орда, 1925; Весь Казахстан Справочная книга-Алма-Ата, 1931, и др.
3. СМ. 6-ая Всеказахстанская конференция ВКТИ (6). Стенографический отчет. Кызыл-Орда, 1927. Казахстанская организация ВКП (6) в решениях е конференций и пленумов-Алма-Ата, 1930, съезды Советов СССР, союзных и автономных социалистических республик. -М., 1959, и др.
4. Полочанский Е.А. За новый аул-кстау-М, 1926, Соколовский В.Г. Казахский аул,-Ташкент, 1926, Тогжанов Г. Казахский колониальный аул-Кзыл-Орда, 1934, и др.
5. История Казахский ССР эпохи социализма-Т.2. Алма-Ата, 1959, Нейтальт С.А. Социалистические преобразования экономики Казахской ССР /1917-1937/ -М.1959, Очерки истории народного хозяйства Казахский ССР /1917-1928/-Т.1.Алма-Ата, 1959, др.
6. Нусупбеков А. Переход на мирную работу по восстановлению народного хозяйства в Казахстане после окончания гражданской войны /Известия АН КазССР .Серия историч.Выш.6.1950, Дахшлейгер Г.Ф. Перевод к новой экономической политике в Казахстане/Вестник АН КазССР-1957. №9 и др.
7. Очерки истории народного хозяйства Казахский ССР-Алма-Ата, 1964, Очерки экономической истории КазССР-Алма-Ата, 1974, Баншев С. Победа социализма в Казахстане-Алма-Ата, 1968, Шерстобитов В.П. Нэп в Киргизии-Фрунзе, 1964, и др/.
8. Дахшлейгер Г.Ф. «Социально-экономическое преобразования в ауле и деревне Казахстана /1921-1929 гг./ -Алма-Ата, 1965.

9. К итогам обсуждения проблем новой экономической политики/ Вопросы истории КПСС -1968. № 12-С 86.
10. Куртов Н.А. Новая экономическая политика в Казахстане -Алма-Ата, 1973 и др.
11. Поляков Ю.А., В.П.Дмитриенко, Н.В.Шерань. Новая экономическая политика. Разработка и осуществление -М, 1982 и др.
12. Горбачев М.С. Октябрь и перестройка революции продолжается // Коммунист-1987 -№12 -С 70.
13. Абылхожин Ж.Б.Налоговая политика Советского государства в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.) -Алма-Ата, 1983-25 с.
14. Нурпейсов К.Н.Культурная революция достижения и потери Казахстан коммунист-1990-№10; Козыбаев М.К.Абылхожин Ж.Б.Татимов М.Б. Казахстанская трагедия Козыбаев М.К. История и современность-Алма-Ата, 1991, Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана социально-экономические аспекты функционирования и трансформации /1920-1930-е гг./ Алма-Ата, 1991. и др.
15. Краус Т. Советский термидор Духовные предпосылки сталинского переворота /1917-1928/-Бадапешт, 1995, и др.

*Б. Қ. Әбенев,*

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің оқытушысы*

#### КЕСТЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кестелік құрылымды құжаттарды өңдеуге арналған кең тараған программалық өнімдердің бірі – сандық мәліметтермен жұмыс істеуге негізделген Microsoft Excel электрондық кестесі. Оны қаржылық және математикалық амалдарды орындауға, күрделі есептеулерді жеңілдету үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ, MS Excelдің көмегімен кестедегі мәліметтерді қолданып түрлі-түсті диаграммалар тұрғызуға, деректер қорларын даярлап, есептеулер жүргізуге, сандық талдаулар жасауға болады. Электрондық кестелер мүмкіндіктерінің көпжақтылығы тек экономика саласында ғана емес, ғылыми зерттеулер үшін, әкімшілік қызметте кеңінен қолданылуынан да көрінеді.

Сондықтан кестелік деректерді өңдеу технологиясын оқытудың, осы үдерісті әдістемелік жетілдірудің маңызы аса зор.

Әрине, электрондық кесте құру және оның көмегімен деректерді өңдеу есепті шешу алгоритмі бойынша, кестенің құрылымы мен сырт бейнесін ескере отырып, жеке дара жүзеге асырылуы тиіс. Дегенмен, электрондық кесте құру технологиясының мынадай жалпы процедураларын да атап көрсетуге болады:

1. Құжатты электрондық кесте түрінде бейнелеу. Құжаттың көрсеткіштері мен электрондық кестенің параметрлері – құжат графалары мен электрондық кесте бағандары; құжат жолдары мен электрондық кесте жолдары; құжатты өңдеу алгоритміне негізделген электрондық кестенің ұяшықтары – арасындағы байланысты орнату;

2. Электрондық кестені пішімдеу. Бос кестенің барлық ұяшықтарының стандарттық ені 9 бірлікке тең. Дұрысында, электрондық кесте бағандарының ені құжат графаларының нақты еніне сәйкес (деректердің ең үлкен мүмкін мәнінің ұзындығына қарай) бапталуы;

3. Компьютер экранында электрондық бланк толтыру. Құжат компоненттерін электрондық кестенің сәйкес адрестеріне – реквизиттерді бағандар мен жолдарға – орналастыру;

4. Құжатты өңдеу алгоритмін анықтау. Электрондық кестенің тиісті ұяшықтарына горизонталь (көлденең, жолдар бойынша), вертикаль (тік, бағандар бойынша) есептеулер формулаларын (алгоритмдік өрнектер) жазу;

5. Бастапқы мәліметтер енгізу және оларды электрондық кесте көмегімен өңдеу;

6. Бастапқы мәліметтер мен есептеулер нәтижелерін графикалық түрде бейнелеу;

7. Қорытынды ақпаратты кестелік және графикалық түрде басып шығару.

Яғни, кесте құру барысында пәрменді ұяшықтарға мәтіндік, сандық деректермен қатар формулалар енгізіліп, түзетіліп, өзгертіледі және пішімделеді. Электрондық кесте ортасында

қарастырылған автоматтандыру әдістері аталған амалдарды жеделдетуге және жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Электрондық кесте туралы түсініктер, MS Excel программасымен жұмыс істеу негіздері, оның ортасына қалай кіріп, қалай шығу жолдары, қалай кесте құру, ұяшықтарды қалай толтыру әдіс-тәсілдері оқулықтар мен оқу құралдарында, нұсқаулықтарда кеңінен қарастырылған. Біз кестелік деректерді өңдеу технологиясын қалай оқытып жүргеніміз жайлы сөз қозғамақпыз. Сабақ барысында студент жастардың көңілін не нәрсеге баса аудару қажет екенін айтпақпыз.

Сонымен, белгілі бір ұяшыққа немесе ұяшықтар тізбегіне деректер енгізу немесе олардың мәндерін өзгерту үшін ол ұяшықтарды ерекшелеп алуымыз керек. Көршілес ұяшықтарда орналасқан деректерге формулаларда көрсетілген сілтемелер көмегімен тұтастай қатынасуға болады. Мұндай ұяшықтар тобын (диапазонды немесе блокты) қос нүкте арқылы тік-бұрыштың қарама қарсы (жоғарғы сол жақ және төменгі оң жақ) бұрыштарында орналасқан ұяшықтар адресін көрсету арқылы белгілеуге болады. Мысалы, A1:C15. Тікбұрышты диапазонды тез ерекшелеу үшін меңзердің сілтемесін бірінші бұрыштық ұяшықтан қарама қарсы бұрыштағы ұяшыққа дейін диагональ бойынша сүйрету жеткілікті. Баған мен жолды тұтастай таңдау үшін тышқанның көмегімен бағанның атауын немесе жолдың номерін шерту қажет. Қатар орналасқан бағандар мен жолдарды бірге ерекшелеу үшін меңзерді олардың атаулары немесе номерлері бойынша жылжытамыз. Осы абзацта айтылғанның бәрі кіріспе ғана.

Бұл жерде оқушылардың назарын диапозонның бір парақта орналасқан екі немесе одан көп ұяшықтар тізбегі екеніне аудару орынды.

Электрондық кесте нысандарын түзету амалдарының ішінде оқушылардың қате қабылдайтыны – жою және тазарту операциялары. Электрондық кесте фрагменттерінің мазмұнын тазарту амалы ұяшықтарды деректерден және олардың пішімдерінен тазартып, ұяшықтардың өздерін орындарында қалдырады. Ал жою амалы ұяшықтардың мазмұнын өзгертіп қана

коймай, олардың өздерін де электрондық кестеден алып тастайды. Нәтижесінде көрші ұяшықтардың орны ауысады (ендеше, жылжу бағытын көрсетуіміз керек). Студенттер жойылған фрагменттердің орнына жылжыған ұяшықтардың адрестерінің (сілтемелерінің) өзгеретінін түсінуі тиіс.

Енді формулаларға, оның синтаксисіне тоқталайық. Формулалар синтаксисі дегеніміз – формула құрамына кіретін элементтерді дұрыс жазу ережелері. Формула міндетті түрде теңдік белгісінен басталып, оның құрамына есептелетін элементтердің (операндтардың) және операторлардың (ұяшықтарда орналасқан деректермен орындалатын амалдар таңбаларының) енетінін, операнд ретінде константалар (тұрақтылар), тақырыптар (заголовки), сілтемелер (немесе сілтемелер диапазоны), айнымалылар мен функциялар атаулары қолданылатынын баса айту қажет.

Бұл жерде, әдістемелік тұрғыдан, оқушылардың кез келген формуланың теңдік белгісінен басталатынын, константалардың – есептеулер барысында мәндерін өзгертпейтін шамалар, ал сілтемелердің – ұяшықтардың координаталары, адресі екенін есте сақтап қалуы, сілтемелердің салыстырмалы, абсолюттік және аралас болатынын білуі өте маңызды. Салыстырмалы және абсолюттік сілтемелердің мән-мазмұнын оларды қолданғанда әр түрлі нәтиже алынатынын көрсете отырып, түсіндірген жөн.

Формулалар бірнеше ұяшықтың (ұяшықтар диапазонының) мазмұнын өзгертуге мүмкіндік беретіні белгілі. Мысалы, =СУММ(B7:E7) деп жазып қана B7, C7, D7, E7 ұяшықтарының мәндерін бірден қосып шығуға болады.

Формулалар көмегімен ағымдағы парақтың ұяшықтарын бір-бірімен, жұмыс кітабының басқа парағында орналасқан ұяшықтармен, сондай-ақ, басқа жұмыс кітабының парақтарындағы ұяшықтармен де байланыстыру мүмкін екенін түсіндіре кету керек.

Тақырыптар дегеніміз – бағанның үстінде және жолдың сол жағында орналасқан түйін сөздер. Олардың көмегімен блоктың ішіндегі деректер сипатталады. Қажетті деректерді пайдалану

үшін тақырыптардың қалай қоланылатынын, оның ақпаратты өңдеуді көрнекі ететінін атап көрсеткен дұрыс. Мына кестедегі:

	Физика	Химия
Аманбаев	5	4
Серікбайұлы	4	5
Айбектегі	4	4

Аманбаев, Серікбайұлы, Айбектегі, Физика, Химия сөздері – тақырыптар. Аманбаевтың химия пәнінен алған бағасын басып шығару үшін мына формуланы: “=Аманбаев Химия” теру жеткілікті. Тақырыптар арасындағы бос орын (пробел) формуланың «Аманбаев» жолы мен «Химия» бағанының қиылысында орналасқан ұяшықтың мазмұнын басып шығару керек екенін білдіретін диапазондар қиылысы операторы болып табылады (тақырыптар MS Excel программасына арналған кітаптарда баяндалатын арнайы процедура көмегімен құрылатынын айта кетейік).

Формула құрамындағы функция – жеке дара атауға ие, оның аргументтері болып табылатын элементтеріне қолданылатын амалдардың нәтижесін қайтаратын ішкі программа. Мысалы, “=МАКС(A1:A5; B3:B7)” функциясы көрсетілген екі ұяшықтар диапазонында орналасқан ең үлкен санды анықтайды. Функциялардың аргументтері тек сандық мәндер, мәтін, сілтеме ғана емес, сілтемелер диапазоны, атаулар және қабатталған функциялар да болуы мүмкін екенін баса айтқан абзал.

Себебі, MS Excel функцияларында қолданылатын төрт түрлі операторлар қарастырылған. Олар – арифметикалық, мәтіндік, салыстыру және адрестік операторлар. Әдетте, оқыту барысында бұлардың ішінен орындалу нәтижелері әрқашан сан немесе мәтін болып табылатын алғашқы екеуіне ғана көп көңіл бөлінеді. Соңғылары да қолданыста болғанымен, олардың қалай жұмыс істейтіні толық түсіндіріле бермейді.

Мысалы, келесі салыстыру функциясы “=СУММАЕСЛИ(A1:A7;>4)” тек мәндері 4-тен үлкен сандардың қосындысын есептесе, “=СУММ(A1:A7)” формуласы құрамындағы адрестік оператор A1, A2, ... , A7 ұяшықтарында орналасқан сандардың қосындысын табады.

Оқушылардың назарын сандық деректерді өңдеу үшін қолданылатын арифметикалық амалдардан тыс логикалық, сондай-ақ, ортақ мәнді, дисперсияны, медиананы және т.б. анықтауға қажетті көптеген математикалық функциялар барына да аударып жүрміз.

Электрондық кестелерде жасанды интеллект жүйелері элементтері де жүзеге асырылған. Оқулықтарда көп қамтылған, қарапайым амалдар қатарына жататын автотолтыру режимін оқытқанда, апта күндерін, ай аттарын енгізу үшін олардың біріншісін енгізу жеткілікті, ал қалғандарын MS Excel автоматты түрде Drag and Drop технологиясы бойынша толтыратынын ескертеміз.

Оқушылардың тәжірибелік сабақтарда мысал ретінде құрылатын айлық үлестірілу тізіміне қызметкерлердің фотосуреттерін енгізу OLE (Object Linking and Embedding) технологиясы көмегімен электрондық кесте торкөздеріне графикалық редакторларда дайындалған нысандарды кірістіру мүмкіндігі жүзеге асырылғанын ұғып алуы қадағаланады.

Ұяшықтар тізбегін арифметикалық және геометриялық прогрессияларды қолданып сандармен толтыру да электрондық кестенің оқушыларды аса қызықтыратын тағы да бір мүмкіндігі.

Жастарға электрондық кестенің нәтижелерді «болжай» алатыны да өте қызықты көрінеді. Мысалы, төмендегі кестедегідей үш студенттің антропологиялық көрсеткіштері берілген болса, Excelдің «көріпкелдігі» арқасында тек бойының мөлшері 170 см екені белгілі 4-ші студенттің салмағын “=ПРЕДСКАЗ(170; {52, 63, 74}; {152, 163, 174})” функциясы көмегімен есептеп шығара аламыз. Мұнда аргумент ретінде жүйелік жақшалар ішіндегі (кестеде анықталған) екі жиым пайдаланылғанын көреміз. Ал есептеу кіші квадраттар әдісі бойынша

жүргізілгенін, бастапқы тәуелділік түзу сызық теңдеуіне алмастырылғанын түсіндіруіміз керек, әрине.

Бойы, см (x)	152	163	174
Салмағы, кг (y)	52	63	74

Мақала ақпараттық технологиялар бойынша дәріс беріп жүрген оқытушылармен тәжірибе алмасу мақсатында жазылды. Өріптестердің қажетіне жарап қалар деп үміттенеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тунгатаров Н.Н. Windows, Word, Excel, Power Point для пользователей в примерах: Учеб. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 232 б.
2. Савицкий Н.И. Экономическая информатика: учеб. пособие –М.: Экономистъ, 2005. – 429 с.: ил.
3. Информатика. Базовый курс. 2-е изд/ Под ред. С.В.Симоновича. – СПб.: Питер, 2007 – 640 с.: ил.
4. Алексеев А.П. Информатика 2007. – М.: СОЛОН-ПРЕСС, 2007 – 608 с.: (Серия «Библиотека студента»).

*Г. М. Хожамуратова,*  
преподаватель колледжа КазНУ им. аль-Фараби

### МИРОВОЙ ФИНАНСОВЫЙ КРИЗИС И ОЦЕНКА ЕГО ВЛИЯНИЯ НА ФИНАНСОВУЮ СИСТЕМУ КАЗАХСТАНА

Жертвами глобального финансового кризиса могут стать не только корпорации, но и целые страны.

*П. Сморцков*

Весь мир сейчас буквально лихорадит от слова «кризис». Его называют банковским кризисом, финансовым кризисом, экономическим кризисом 2008, мировым кризисом. СМИ выплескивает все более и более негативную информацию, с